

"Үйлердің, құрылыштардың, ғимараттардың және олардың қоршау конструкцияларының бір бөлігі болып табылатын элементтерінің энергия тиімділігі жөніндегі талаптарды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 406 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 4 қарашадағы № 613 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 7 қарашада № 30437 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Үйлердің, құрылыштардың, ғимараттардың және олардың қоршау конструкцияларының бір бөлігі болып табылатын элементтерінің энергия тиімділігі жөніндегі талаптарды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 406 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11378 болып тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Үйлердің, құрылыштардың, ғимараттардың және олардың қоршау конструкцияларының бір бөлігі болып табылатын элементтерінің энергия тиімділігі жөніндегі талаптарында:

2-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) энергетикалық тиімділік (бұдан әрі – энергия тиімділігі) – көрсетілген қызметтер, жұмыстар, шығарылған өнімдер (тауарлар) немесе өндірілген энергетика ресурстары көлемінің осыған жұмсалған бастапқы энергия ресурстарына сандық қатынасы;".

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Энергия тиімділігі сыныбы туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 қарашадағы № 1106 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12541 болып тіркелген) үйлерді, құрылыштарды, ғимараттарды энергия тиімділігі бойынша таңбалау нысанына сәйкес жалпы пайдалану үшін қолжетімді жерде (ғимараттың кіреберісіндегі және/немесе ғимараттың залындағы ақпараттық тақтада 1.5 метрден төмен емес және 2 метрден жоғары емес деңгейде және/немесе ғимараттың қасбетінде негізгі кіреберістің жанында 1.5 метрден төмен емес және 2 метрден жоғары емес деңгейде) тапсырыс берушінің (құрылыш

салушынын), үйлердің, құрылыштардың, ғимараттардың меншік иелерінің, көппәтерлі тұрғын үй мүлкінің меншік иелері бірлестігінің және (немесе) көппәтерлі тұрғын үйдің жай серіктестігінің бастамасы бойынша еркіті негізде орналастырылады.".

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустріялық даму комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Индустрія және инфрақұрылымдық
даму министрі*

K. Ускенбаев

"КЕЛСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК